



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- «6B04201 – Құқықтану: сот-прокурорлық»

**БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
МАҚСАТЫ**

Қазақстан Республикасының сот органдары мен прокуратура органдарында көпфункционалды қызметті, сондай-ақ өзге де заң қызметін жүзеге асыруға қабілетті заңгерлерді даярлау.

**КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ
САЛАСЫ**

Түлек өзінің кәсіби қызметін құқық нормаларының бұзылуына байланысты туындайтын мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қорғау, қамтамасыз ету, кепілдендіру саласында жүзеге асырады.

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1 - заң қызметінің нақты салаларында нормативтік құқықтық актілерді қолданады, кәсіби қызметте материалдық және процестік құқық нормаларын іске асырады;

ОН2 - салалық және арнайы ғылымдардың тұжырымдамалық ережелерін, материалдық және іс жүргізу құқығының әртүрлі салаларындағы құқықтық қатынастар субъектілерінің негізгі ұғымдарының, санаттарының, институттарының, құқықтық мәртебелерінің мәні мен мазмұнын қолданады;

ОН3 - заң қызметінің нақты саласында қолданылуға жататын білікті құқықтық нормаларды айқындайды;

ОН4 - құқық қолдану органдары (соттар, прокуратура органдары және т. б.) әзірлеген заң құрамдарын саралау кезінде құқықтық ұстанымдарды ескереді;

ОН5 – стандартты емес құқықтық жағдайлар (құқықтағы олқылықтар, құқықтық нормалардың қайшылықтары, жалпы нормалар мен қағидаттарды нақтылау қажеттілігі, бағалау пікірлерінде нақты мазмұнды анықтау және т. б.) жағдайында құқықтық нормаларды нақтылау дағдыларын қолданады;

ОН6 - заңдылық пен құқықтық тәртіпті, жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі лауазымдық міндеттерді орындауды іске асырады;

ОН7 - қылмыстар мен өзге де құқық бұзушылықтарды анықтайды, жолын кеседі, ашады;

ОН8 - құқық бұзушылықтардың алдын алуды жүзеге асырады, олардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтайды және жояды;

ОН9 - құқық саласында ақпараттық технологияларды пайдаланады;

ОН10 - құқықтық ақпаратты талдайды және мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде тиісті тұжырымдар мен қорытындыларды сауатты тұжырымдайды.